



Алхан Бөкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOĞAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 23 (7965) 21 маусым, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru



Президент реформасы –
өміршең өзгерістер

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында экономиканың тұрақтылығын

– Соңғы жылдары қабылданған шаралардың арқасында шағын және ірі бизнес тұрақты дами бастады. Алайда орта кәсіпкерліктің даму қарқыны әлі де бәсең. Жаңа экономикалық үлгіге көшу үшін оны «қолмен көтеруге» тура келеді. «Бизнесітің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын біріктірген жөн. Оны шағын және орта кәсіпкерлікті қолдайтын кешенді бағдарламаға айналдыру керек, - деді Қ.Тоқаев. Сонымен қатар, трансшекаралық су ресурстарын қорғау және қалпына келтіру, кез келген

Ел экономикасын арттыруға бағытталған құжат

арттыруға бағытталған жаңа жоспарды әзірлеу қажеттігі басымдық ретінде берілген.

Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында Қазақстанның өсіп келе жатқан экономикалық тәуекелдерді еңсере отырып, тұрақты және қуатты экономикасы бар гүлденген елге айналу мүмкіндігінің зор екенін атап өтті.

Бұл жолдауда тау-кен өндіру және пайдалы қазбаларды өңдеу, энергетика және газ өңдеу, ауыл шаруашылығы, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешен сияқты негізгі өндіріс секторларының экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталған модель құруға баса назар аударып отырып, әрбір саладағы экономикалық өсуді арттыруға бағытталған жаңа мүмкіндіктер айқындалады.

Әсіресе, шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы ішкі өнімдегі үлесін арттыруға және орта өнеркәсіпті кешенді дамыту бағдарламаларын әзірлеуге, сондай-ақ азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жобалар ерекше атап өтілді.

өнеркәсіп секторының қызметі жаңа экономикалық саясаттармен үйлесетін экологиялық іске асыру бастамасына тән «жасыл экономиканы» қамтиды.

Сыртқы экономиканы ұлғайту, нарықта тауарларды өткізудегі мемлекеттік кедергілерді азайту, инвесторларды тартуға қолайлы жағдай жасау сияқты жаңа экономикалық саясат моделін құруға көбірек көңіл бөрудің маңыздылығы да назардан тыс қалған жоқ.

Кез келген елдің дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі – сол елдегі халық санының өсуі мен адам ресурстары.

Халық пен экономикалық мәселелер бір-бірімен тығыз байланысты. Жолдауда халықтың табыс деңгейінің, еңбекақы деңгейінің, сапалы білімнің артуы, елімізге қажетті мамандарды даярлауға көңіл бөлу, медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мәселелері жан-жақты қамтылған.

М.Қапашова,
Шабанбай би ауылдық округі
әкімі аппаратының бас маманы.

* Ақорда

Реформаның үштағаны: жасампаздық пен жаңғыру жолы

Барша қауымға белгілі, жалты жұртқа жария бір ақиқат бар. Еліміз кейінгі бес жылдың бедерінде мүлде өзгеріп, билік құрылымынан бастап қоғамдық-саяси санаға дейін түбегейлі жаңғырып жатыр.

ұсынған «Әділдік» феноменінің бірден ел идеологиясының тұтқасына айналуы – осының айғағы. «Әділдік» ұғымы ұлттық реформалардың басты ұранына айналды. Бұл ұстаным ауқымды өзгерістердің үштағаны саналатын сая-



Бұл жаңғыру батыл қадамдарға, байыпты шешімдерге табан тірейтіні сөзсіз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған сол саяси бағдар жөнінде тарқатып айтқан жөн болар.

Әділеттілік – қоғамның жаңа қағидасы

Мемлекет – аса күрделі құрылым. Оны реформалау және қандай да бір өзгеріске әкелу – қиынның қиыны. Мұны жүзеге асыру үшін халықты ұйыстыратын алып идея қажет екені айтпаса да белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биікке келген тұста қоғамның мұндай идеяға деген сұранысы аса жоғары еді. Президент

си, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық сана реформасының өзегі ретінде берік бекіді. Сонымен қатар, бұл өзгерістерді нақты идеяны арқау еткен, түпкі мұраты айқындалған байыпты бастама ретінде қабылдаған абзал. Қасым-Жомарт Кемелұлы Президент лауазымын қолға алғаннан бері іске асқан саяси реформалардың түпкі мазмұны елдегі демократия институттарын дамытуды көздейді. Бұл – саяси жүйені жаңғыртуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға негіз болды. Саяси реформалар туралы сөз қозғағанда

(Жалғасы 3-бетте).



AQTOĞAI AJARY

2024 жылдың II жартыжылдығына жазылыңыз!

Аудан өмірінің айнасы, ауданымызда жарық көретін жалғыз басылымды қолдаңыз, ағайын!

aktogai_red@mail.ru

Aktogai_ajary

www.facebook.com/a.ajary.kz

Газетке «Қазпоштаньң» аудандық, ауылдық бөлімшелері және Kaspi GOLD арқылы жазылуда болады.

Тел: 8-708-547-43-03 Kaspi GOLD

Жеке жазылушылар үшін
индексі – 65031,
6 айға – 2457,30 тенге.
Мекеме, ұжымдар үшін
индексі – 15031,
6 айға – 2957,28 тенге.

Біздің мекен-жайымыз:

Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.

Анықтама телефондары:
2-18-81, 2-15-39.

Ескерту: Kaspi GOLD арқылы жазылған абоненттің аты-жөні, ИИН мен мекен жайы көрсетіліп, төлемнің скрин нұсқасын жіберу керек.



* Президент тапсырмасын орындай отырып...

Тұрғындар тілегі тыңдалды

Өңір көлемінде алты айда атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы атқарылар міндеттер сараланды. Бекітілген кестеге сәйкес аудан әкімінің міндетін атқарушы Абылай Аманжоловтың есеп беру жиналысы Нүркен, Жидебай, Қызыларай ауылдық округтерінде жалғасты.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдаған алғашқы Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құруды мақсат етті. Осы орайда, халық үшін сапалы қызмет жасау, халықпен кері байланыс орнатуға тапсырма беріп, сындарлы қоғамдық диалог құрудың Қазақстан үшін қаншалықты маңызы мен саяси мәнінің бар екендігі халық алдындағы есеп беру жиында көрініс тапты.

Жиналыста А.Базылұлы халыққа есеп беріп қана қоймай, азаматтарға қоғамдық қабылдау жүргізді. Ауылдық округтердің тыныс-тіршілігімен танысып, тағы бір мәрте ауылдардың ахуалына қанықты.

«Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес Нүркен ауылдық округіне тұрғындарымен кездесуі болып өтті. Кездесу барысында тұрғындар тарапынан автомобиль жолына



жөндеу жұмыстарын жүргізу, электр желілерінің жиі істен шығуы, интернет сапасының төмендігі, мектептің спорт алаңына газон төсенішін орнату секілді ұсыныс-пікірлерін білдірді. Аудан әкімінің м.а А.Аманжолов қойылған сұрақтар мен ұсыныстарға жан-жақты жауабын беріп, тиісті сала мамандарына мерзімінде орындалуы жөнінде тапсырма берді.

19 маусым күні есепті кездесу Жидебай ауылдық округінде жалғасын тапты. Жалпы ауылдық округте 1026 адам тұрады. Тұрғындардың дені ауылдағы мемлекеттік мекемелерде қызмет етеді. Ауылда 84 шаруа қожалығы тіркелген. Есеп беру жиынында тұрғындар тарапынан ауыз су жүйесінің құбырларын тарту жұмыстарының сапалы жасалуы туралы, ауыл іргесінде орналасқан шаруа қожалықтың шабындық жерлері, бойынша бірқатар сұрақтар қойылды. Аудан басшысы қойылған сұрақтар мен ұсыныстарға жан-жақты жауабын беріп, тиісті сала мамандарына мерзімінде орындалуы жөнінде тапсырма берді.

20 маусым күні 2024 жылдың I жарты жылдығы бойынша есепті кездесуі Қызыларай елді мекенінде өтті. Алқабы егінге, төскейі төрт түлікке толған мекенде 58 шаруа қожалығы тіркелсе, оның 28 өңірдің әлеуметтік әлуетінің артуына өзіндік үлес қосуда. 19 шаруа қожалығы ірі қара малының аналығын тұқымдық түрлендіру бағдарламасына қатысып отыр. 19 жеке тұлға Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында жеке кәсіпкер болып тіркелген. Ауылшаруашылығын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған бағдарламасы аясында 4 жұмыс орны құрылған. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында ауыл орталығында жаңа ФАП ғимараты пайдалануға берілген. Кездесуде тұрғындар тарапынан көтерілген сұрақтарға аудан әкімінің міндетін атқарушы А.Аманжолов жауаптар берді.

Думан Қабыл,
Нүркен, Жидебай, Қызыларай ауылдық округтері.

* 23 маусым – Мемлекеттік қызметкерлер күні

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев өзінің «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру. Жаңа Қазақстан – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі» екендігін айқындап берді.

Президент маңызды шешімдердің жұртшылықтың қатысуымен ашық қабылданатынын және мемлекет әр азаматтың үніне құлақ асатынын атап өтті. Бұл ретте адал еңбек, озық білім және үздік тәжірибе әрдайым жоғары бағаланады. Бұл еліміздің мемлекеттілігін нығайтып, қоғам мен мемлекетті түбегейлі өзгертуге, ең ақыры жаһандық және ішкі сын-қатерлерге қарсы атқарылатын ауқымды дүниелердің сапалы атқарылуына деген салмақты саясаттың нәтижесі болатыны сөзсіз.

Даму кезеңімізде мемлекеттік қызметті жетілдіруге бағытталған реформалар жүргізіліп, уақыттың көші жылжыған сайын мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар да барынша күшейтіліп келеді. Нәтижесінде бұл мемлекеттік қызметтің сапасының артуына мүмкіндік береді. 1999 жылы 23 шілдеде мемлекеттік қызметшілердің барлық міндетті, мақсатты қырларын айқындайтын «Мемлекеттік қызмет туралы» заң қабылданды.



Мемлекет әр азаматтың үніне құлақ асады

Қолданыстағы осы заң бүгінгі күнге дейін бірнеше рет өзгертіліп, толықтырулар енгізілді. Бірнеше жыл бұрын мерекелік күнтізбенің қатарына 23 маусым – Қазақстан Республикасында «Мемлекеттік қызметшілер күні» болып бекітілген болатын. Мерекенің басты мақсаты – мемлекеттік орындарда қызмет істейтін азаматтардың жұмысқа деген ынта-жігерді арттыру, жылдар бойы сіңірген еңбегін назардан тыс қалдырмай, марапаттау, елге талмай еңбек етіп жатқан азаматтарымыздың шығармашылығына шабыт беру, халық пен билік арасындағы байланысты нығайта түсу болып табылады. Бұдан басқа, марапаттаулар қатарына «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісі бекітілді. Бұның барлығы мемлекеттік қызметшілердің абыройын көтеріп, қызметіне деген сүйіспеншілігін арттырып, жарқын нәтижелерге ынталандыруға септігін тигізеді деп есептеймін. Жалпы мемлекеттік қызмет мен үшін жауапты міндеттер жүктейтін, абыройлы лауазым болып табылады. Бүгінде әрбір арнайы-орта және жоғары білімі бар жас мамандарға мемлекеттік қызметке келу үшін оңай жағдай жасалған. Бұл қызмет түрі үміткерден небәрі жеткілікті білімді, құқықтық сауаттылықты, өнегелі тәртіпті, адалдық пен ар-намыс тазалығын талап етеді. Жоғары кәсіби мемлекеттік қызметті және тиімді басқару құрылымын құру ісінде міндеттерді іске асыру көбіне мемлекеттік қызметшінің кәсібилігіне байланысты. Сонымен қатар, маңызды функционалдық және мәртебелік маңызы бар мемлекеттік қызмет имиджі халықтың мемлекеттік аппаратқа сенімі деңгейінің көрсеткіші және қоғамның басқару қызметінің тиімділігін бағалау өлшемі болып табылады. Қазіргі таңда Ақтоғай ауданы әкімі аппаратындағы, кент, ауылдық округтер әкімдерінің аппаратындағы, дербес бөлімдердегі «Б» корпусының мемлекеттік қызметшілердің 129 штат бірлігі болса, 119 мемлекеттік қызметкерлер нақты жұмыс жасайды. Ағымдағы жылдың 2-тоқсанында 18 орында конкурс жарияланып, 7 адам конкурстық негізде жұмысқа қабылданды. Жұмысқа қабылданғандар дербес бөлімдерге, ауылдық округтер әкімдері аппараттарына орналасты. Қазіргі уақытта, 10 бос орын бар. Бос орындарды толықтыру жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар ағымдағы жылдың ақпан айынан бастап Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен «Е-қызмет» ақпараттық жүйесі базасында іріктеу мен конкурстық рәсімінің жаңа форматта пилоттық жобасы енгізілді, аталған жоба бойынша мемлекеттік қызметке орналасуға үміткерлер жүйеде төрт заң бойынша заңнаманы білу тестілеуінен 24/7 бойы өтеді. «Е-қызмет» арқылы байқаудың жаңа рәсімі адами фактордың әсерін толығымен жояды. Іріктеуден өту кезінде иесіздендіру және анонимділікті қамтамасыз ету үшін жүйемен үміткерлерге сәйкестендіру нөмірі беріледі. Нәтижесінде пилоттық жобада конкурс жеңімпазы комиссияның шешімімен

емес, сөйкесінше барлық кезеңдердің жиынтық қорытындысы бойынша жүйемен автоматты түрде анықталады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын Ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған жол картасына сәйкес «Үздік ауыл әкімі», «Үздік мемлекеттік қызметші», «Үздік сапалы қызмет көрсетуші» республикалық байқауларға ауданымыздың мемлекеттік қызметшілері үнемі қатысады.

Ақтоғай ауданы әкімі аппаратындағы, кент, ауылдық округтер әкімдерінің аппаратындағы, дербес бөлімдердегі мемлекеттік қызметшілердің тарапынан Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) сақталуы тұрақты бақылауға алынған. Барлық мемлекеттік қызметшілер Әдеп кодексімен жазбаша түрде танысып, қолдары қойылған. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған жәшікпен басшының және оның орынбасарының азаматтарды жеке қабылдау кестесі орналастырылған. Сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық туралы ақпараттар бойынша сенім телефонының үздіксіз жұмыс істеуі ұйымдастырылған. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 34-бабына сәйкес 2021 жылға мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру курсынан өту жоспар-кестелері бекітілді. Жоспар кесте бойынша ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалынан біліктілігін арттыру курсынан өтетін мемлекеттік қызметкерлердің саны 34, қайта даярлау курсынан өтетін мемлекеттік қызметкерлердің саны 3. Жоспарға сәйкес 31 мемлекеттік қызметкерлер біліктілігін арттыру курсынан жоғарыдағы аталған оқу орнымен «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» ММ-сі орталықтандырылған келісім шартқа отырып, «Көрсетілетін қызметтердің нәтижелігін басқару» тақырыбында біліктілігін арттыру семинарын көшпелі түрде Ақтоғай ауданында өткізіліп, сертификаттар табысталды.

Аудан әкімдігіне қарасты барлық мемлекеттік қызметшілер және олардың жұбайлары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңының 11-бабына сәйкес ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 2023 жылғы кірістері және мүлкі туралы декларацияларын уақытында тапсырды. Ауданда тәртіптік, конкурстық, еңбек өтілін есептеу комиссиялары құрылып, жұмыстары жүргізілуде.

Н.Смағұлов,
Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының
персоналды басқару қызметі (кадр қызметі)
бөлімінің басшысы.

Конституцияны өзгертуге бағытталған жалпыұлттық референдум туралы атап өту – заңдылық. Бұл ретте Президенттің өзгерісті әркім өзінен бастауы керек деген ұстанымы жалпыға бірдей үлгі болғаны анық. 2022 жылы енгізілген Конституциялық өзгерістердің басты жаңалығы – Президенттің өкілеттігін бір мерзіммен шектеу туралы шешім. Бұл «Әділдік» феноменінің нақты орындалғанын көрсетті. Сондай-ақ, референдум аясында Парламенттің рөлін күшейту және құқық қорғау органдарының қызметін жақсартуға бағытталған шаралар қолға алынды. Бұл реформалар саяси жүйенің тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға және халықтың билікке деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етіп, демократиялық институттардың нығаюына ықпал етеді. Мемлекет басшысының саяси реформаларының тағы бір тармағы саяси партияларды тіркеуді жеңілдету болды. Бұл өзгеріс саяси аренада жаңа партиялардың пайда болуын жеңілдетіп, саяси әралуандыққа жол ашты. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі де айтарлықтай өзгеріске бет алды. 2021 жылы алғаш рет ауыл әкімдері тікелей сайлау арқылы сайлана бастағанын білесіздер. Бұл қадам жергілікті мәселелерді тиімді шешуге және азаматтардың өз өңірлеріндегі басқару үдерісіне белсенді араласуына мүмкіндік береді. Саяси трансформацияның тағы бір маңызды бөлігі – Парламенттің рөлін күшейту туралы шешім. Парламенттің атқарушы билікті бақылау функцияларын күшейту арқылы заңнамалық органның ықпалы артты деуге толық негіз бар. Президент ұсынған саяси реформалардың бір жаңалығы – адам құқықтарын қорғауға бағытталған шаралар. Мемлекет басшысы адам құқықтарын қорғау механизмдерін жетілдіретін және азаматтық қоғамды дамыта түсетін қолдау шараларын енгізді. Конституциялық сот қайта қалпына келтірілді. Заңдылықты қадағалайтын прокуратура мен Адам құқығы

жөніндегі уәкіл конституциялық мәртебеге ие болды. Бұл қадамдар халықаралық стандарттарға сай келетін құқықтық жүйені қалыптастырды. Аталған реформалар елдің саяси жүйесін жаңғыртуға, қоғамның саяси өмірге белсенді қатысуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтауға жол ашты. Түптеп келгенде, бұл ауқымды шаралар Әділетті Қазақстанның нықтап орнығуына мүмкіндік берді.

Әлеуметтік-экономикалық реформалар

Қасым-Жомарт Тоқаев елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында да ауқымды реформалар жүргізіп келеді. Бұл – қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға, экономикалық өсімді қамтамасыз етуге және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған. Президент Тоқаевтың бастамасымен Конституцияға концептуалды өзгеріс енгізілді. Яғни жер мен оның қойнауындағы байлық халықтың меншігі ретінде айқындалды. Бұл қағида әлеуметтік саясаттың тірегіне айналды. Нақты дәлел: «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама арқылы еліміздегі әр балаға Ұлттық қордан қаражат бөліне бастады. Бұл шараның түпкі мақсаты – әлеуметтік теңсіздікті азайтып, балалардың өмір сүру жағдайын жақсарту. Бағдарлама өскелең ұрпаққа инвестиция салып, олардың білім алуына, денсаулығын жақсартуға және өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік беруге тиіс. Шағын және орта бизнесті қолдау жұмыстары да артты. Бизнесті тексеруге үш жылға дейін мораторий жарияланды. Заңсыз алынған активтерді елге қайтарып, экономикалық айналымға түсіре бастады. Еліміздің логистикалық мүмкіндіктерін молайту арқылы табыс түсімін арттыруға жіті мән берілуде. Алдағы уақытта Қазақстанды логистикалық хабқа айналдыру жөнінде ауқымды міндеттер қойылды. Соған сәйкес инфрақұрылымды дамытудан бастап, қалыптасқан жүйені цифрландыру жұмысын қарқынды жалғастыруға айрықша мән беріліп отыр.

Президент индустрияландыру және инновацияларды дамытуға үлкен мән береді. Осы бағытта экономиканың әртараптандырылуы және жаңа технологияларды енгізу мемлекеттің маңызды міндеттеріне айналды. Индустриялық-инновациялық даму бағдарламалары арқылы өндіріс орындарын құру, ғылыми зерттеулерді қолдау және жоғары технологиялық салаларды дамыту көзделіп отыр. Цифрландыру саясатын жаңғыртып, бұл бағыттағы жетістіктерімізді еселеуге жаңа мүмкіндіктер жасалып келеді. Бұрын назар аударылмаған энергетикалық, инженерлік жүйені түбегейлі жаңарту бастамасы қолға алынды. Ұлттық қауіпсіздік, халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін бұл сала ондаған жыл бойы қараусыз қалып келгені ешкімге жасырын емес. Мемлекет басшысы бұл олқылықтар түзелмей тұрмыс түзелмейтінін жақсы біледі және білгендіктен нақты шешімдер қабылдап келеді. Әлеуметтік серіктестік қағидаттары да – ерекше тоқталуды қажет ететін тақырып. Еліміз еңбек қатынастарын реттеу, жұмысшылардың құқықтарын қорғау және еңбек жағдайларын жақсарту мәселелерін айтарлықтай күшейтті. Әлеуметтік серіктестік аясында жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы диалогті нығайту, еңбек құқықтарын қорғау және өндірістік дауларды шешу тетіктерін жетілдіру маңызды орын алады. Әлеуметтік саланың әуелгі тірегі саналатын денсаулық сақтау және білім жүйесі де түбегейлі реформаға ұшырады. Аталған сала мамандарының жалақысын екі есеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды. Бұл білікті мамандардың салаға келуіне жаңаша серпін бергені сөзсіз. «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Ғылымның дамуына айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Ұлттық ғылым академиясы өзінің тарихи тұғырына қайта қонды. Алдағы уақытта жоғарыда біз атап өткен әділеттілікке негізделген әлеуметтік және экономикалық саясат қағидасы – еліміздің қуатының, халқымыздың әлауқатының негізгі сенімді күші болып қалатыны даусыз.

Қоғамдық сананың серпілісі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың күллі реформасының өзегінде «Заң мен Тәртіп» ұстанымы тұр. Шын мәнінде «Әділдік» феномені осы екі түсінік үстемдік құрмай тағыр жая алмасы анық. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның «Заң адам үшін жазылады. Адам заң үшін тұмайды» деген сөзі бар. Еліміз қабылдаған қабырғалы құжаттар ең әуелі азаматтарымыз, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, оларды кертартпа қоғамдық кеселдерден сақтау үшін жазылған. Бұл ретте елімізде синтетикалық есірткі саудасын, құмар ойын жарнамасын, тұрмыстық зорлық-зомбылықты, браконьерлікті ауыздықтайтын бірқатар заң қабылданды. Мұның бәрі Әділетті Қазақстанды тұғырына шығарып, нық орнатуға бағытталған қадамдар. Түбегейлі реформалар өз миссиясын орындады. Бірақ реформаларды жүзеге асыру – бір бөлек, оны орнықтыру – бір бөлек дүние. Бұл үшін қоғамдық сана да жаңғыруға тиіс. Президентіміз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын жаңа құндылықтар тізімін, яғни «Адал азаматтың» бейнесін айқын көрсетті. Бұл не үшін қажет? Қоғамдық ұстанымдар мен қолдау негізінде оң бағыттағы реформалардың іске асуы және берік орнығуы үшін қажет. Себебі адал азамат – ескі жүйеге оралмаудың кепілі, әділеттілік құндылықтарының қорғаны. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көшбасшылығымен еліміз бес жылды еңсерді. Бұл ұзақ жылдар бойы сірескен саяси жүйені серпілтікен бес жыл болды. Қордаланған әлеуметтік мәселелердің түйінін шешкен бес жыл болды. Экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету үшін батыл ұмтылыс жасаған бес жыл болды. Ең бастысы, қоғам жылдар бойы күткен әділеттілікті төрге оздырған бес жыл болды. Бұл бес жыл алдағы жетістіктеріміздің жол-ашарына айналатыны анық.

Берік УӘЛИ,
Қазақстан Республикасы
Президентінің кеңесшісі –
Президенттің Баспасөз хатшысы.
egemen.kz.

** Агрооңнеркәсіптік кешен –2050*

Зиянкестерге қарсы күрес жүргізілуде

Бүгінде ауыл шаруашылығын жан-жақты дамыту мәселесі күн тәртібіне ерекше қойылуда. Бұл бағытта мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіліп, көлемді қаржы бөлінуде. Осындай шаралармен қатар саланың ілгерілеуіне кедергі келтіретін жайлардың да алдын алып, оларды болдырмаудың мүмкіндігін қарастыру қажет. Бұл ретте әңгіме қозғалғанда ауыл шаруашылығына, әсіресе егінге зиян келтіретін ерекше қауіпті зиянкестердің бірі — үйірлі шегірткелер. Кей жылдары талай гектар егінді зиянкестердің отап тастағаны туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрді. Жаз шығып, жайлау қызған шақта шегірткелер шабуылының да басталатыны белгілі. Өңірдің мамандары зиянкестермен күреске ерте қамданып, тиісті шешімдер қабылдап келеді. Бұл тұрасында ауданның ауыл шаруашылық басшысы Нұрланбек Жаңабегенов: —Аудан бойынша қауіпті зиянкестер саяқ шегірткелер түріне жалпы аудан бойынша 10100 га алқапқа, оның ішінде 5100 га жер қоры,



5000 га шаруа қожалық жерлеріне химиялық өңдеу жүргізу болжанған. «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ Ақтоғай аудандық

орталығының жүргізген зерттеулері бойынша саяқ шегірткелердің қоныстанғандағы 1 шаршы метр жерге орналасуы Нұркен ауылдық округі бойынша 600 гектарда 15-ке дейін ал, Сарытерек ауылдық округі бойынша 400 гектар жерде 15-ке дейін анықталып отыр. Осыған орай өңдеу жұмыстарын жүргізу үшін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына 1000 гектар жерге химиялық өңдеу жүргізуге дабылдық хабарлама берілген.

Облыстық басқарма мемлекеттік сатып алу жұмыстарын жүргізді, химиялық өңдеу шараларын жүргізуші ретінде «Сандерс» ЖШС жеңімпаз болып анықталды. Бүгінгі күні 30 мамырда жасалған № 30 және 31 мамырдағы №61 шарт бойынша тиісті талаптарға сай Нұркен ауылдық округінен 600 гектар және Сарытерек ауылдық округі бойынша 400 гектар мемлекеттік жер қорына өңдеу жұмыстары жүргізілді. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы және аудандық бөлім мамандары тарапынан іс шараны өткізуге бақылау жасалды, — дейді.

Өз тілшімізден.

Ауыл – ұлт негізінің мәйегі

Еліміздің тірегі ауыл екені бесенеден белгілі. Сондықтан ауыл халқының әлдеқетін көтеріп, өңірлерді өркендету – мемлекеттің алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Осыған сәйкес, бүгінде білім мен денсаулық, спорт пен мәдениет, басқа да әлеуметтік салаларды дамытуға баса мән беріліп келеді. Соның нәтижесінде, жыл санап жұрттың жүрер жол, ауыз су, жарық пен жылу мәселелері біртіндеп оң

өнімін өндіретіндер – ауылдықтар. Өйткені олардың тұрмысы мен табысы ауылмен, жермен байланысты. Жидебай ауылдық округі ата кәсіпті нәсіп еткен, төрт түлгін өмір өгеніе айналдырған мекен.

Қысқы мал қыстату маусымы калыпты өтті. Шаруа қожалықтар техникаларын жаңарту жұмыстарын жалғастыруда жоспар бойынша. СПК ашуды жалғастыруымыз қажет.



шешімін тауып, ауыл шаруашылық өнім өндірушілердің бәсекелестік қабілетін арттыруға жан-жақты қолдау көрсетілуде. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы көкжиегі кеңейіп отырған елді мекеннің бірі ауданға қарасты – **Жидебай ауылдық округі.**

Ауыл – қазақ халқының ұлттық негізінің мәйегі, тіл, салт-дәстүр, мемлекет іргесінің қалыптасуы мен дамуының алтын бесігі болса, мектеп ауыл жүрегінде үміт отын жағып, болашаққа деген сенімін ұялатқан білім мен мәдениеттің орталығы, ел бірлігінің алтын қазығы болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа президенттік мерзімге сайланарда ауылды өркендету ісін ерекше назарында ұстайтынын баса айтты. Президент ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қойып, Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді тапсырды. Жалпы ауылдық округте 1026 (Сәуле – 520, Үшарал – 253, Жалаңаш – 187, Қарақой – 66) адам тұрады. Тұрғындардың дені ауылдағы мемлекеттік мекемелерде қызмет етеді. Онан бөлек, шаруа қожалығы мен сыртта жұмыс істейтіндер де бар. Жұмыссыз жандарды қолдан келгенше назардан тыс қалдырмауға, мүмкіндік болса екі қолға бір күрек тауып беруге тырысамыз. Ауылда 84 шаруа қожалығы тіркелген. Сонымен қатар кәсіпкерлік бағдарламалар арқылы білімін жетілдіріп, жаңадан кәсіп ашып жатқандар да жетерлік. Мұнда әлі де атқарылар істер ауқымды. Ел үшін жасалар бірқатар жұмыстың жоспары да дайын. Елдің ішкі жағдайының тұрақтылығы, кәсіпкерлікті дамытып, жаңа жұмыс орындарын ашу – алдыға қойып отырған басты мақсатымыз.

Ауыл шаруашылық саласы

Ауыл шаруашылығын дамыту – мемлекетті алға сүйреу, оның келесігін ойлау. Ауылшаруашылық

Ауылдарда «Жайлау» бағдарламасын ұйымдастыруды қажет етеді. Бұған аудандық бюджеттен мал бағынына қажетті барлық затты алып беруге дайын. Бізден тек бақташы тауып малды резервтегі жерге апару қажет. Бұл бағдарлама елді мекен тұрғындарының малдарына ғана арналған. Жидебай ауылдық округіне іссапармен Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов келіп, ауылдық округ бойынша егістік жерлердің пайдалануы бойынша және егін шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтарымен кездесті. Кездесуде шаруақожалық иелерінің егістікке жүргізіп жатқан жұмыстарымен танысты.

Құрылыс, коммуналдық сала

Кез келген мемлекеттің, қоғамның ілгері басыуына оның құрылыс, сәулет саласына қарап баға беруге болады. Құрылыс саласы – қашанда экономиканың негізгі іргетасы екендігі айқын. Сондықтан да, құрылыс саласының дамуы елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік жағдайының артуына тікелей байланысты.

Жидебай ауылдық округінің Үшарал ауылында медициналық пункттің құрылысын салу жұмыстары 2024-2025 жылдарға жоспарланған. Құрылысын салу үшін құжаттары дайындалып облыстық басқармаға тапсырылды.

Биылғы жылы көктемде ауылымызда су тасқыны кезінде Сәуле ауылындағы дамбылар бүлініп жиналған су асып кетті. Осыған орай дамбылар биіктетіліп қайтадан жасалды. Сонымен қоса суағарларға темірден жасалған суағарлар қойылды. Бұл жұмыстар ауыл ішінде тағы да жалғасын табатын болады. Үшарал мен Жалаңаш ауылдарындағы ауыз су беру мәселесі бойынша биыл Жалаңаш ауылында ауыз су беру жұмыстары аяқталатын

болады. Үшарал ауылындағы ауыз су мәселесі облыстық бюджеттен қаралғандықтан әлі күнге дейін жұмысын аяқтау шешімін таппай келеді.

Республикалық «Таза Қазақстан» тазалық акциясы аясында ауылдардағы тазалық, абаттандыру жұмыстары жалғасуда. Сәуле ауылында бос тұрған иесіз ғимараттар бұзылып орындары тазартылуда. Иесіз үйлерді бұзу жұмыстары жоспарға сәйкес кезеңімен жалғасатын болады. Жидебай ауылдық округінің Сәуле ауылында ауылды көріктендіру жұмыстары аясында 1300 дана гүл көшеттерін отырғызу жұмыстары жасалды. Сондай-ақ, 3 маусымда алғаш рет Жидебай ауылдық округі бойынша «Жасыл ел» еңбек жасақтары өз жұмыстарын бастады. «Жасыл ел» еңбек жасақтары айналыны көгалдандыруға, ауылшілік жолдарын, көшелерін тазартуға, спорттық алаңдар мен өзен

елдің көшіне ілесу жолында бәсекеге қабілетті, ой-өрісі озық ұлттың ұрпағы ғана тегеурінге төтеп бере алады. Сондықтан еліміздің спорт саласына баса назар аударылып, дене шынықтырумен шұғылданатын азаматтарға барлық жағдай жасалып жатыр. Аудан спортының дамуына жидебайлық жастардың қосар үлесі қомақты. Спорт нұсқаушының және ауыл жастарының ұйымдастыруымен әр мереке сайын, ауыл күнінде ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізу дәстүрге айналған. 4 - маусым Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің күні қарсаңында, Қазақ күресінен жасөспірімдер арасында 2024 жылы өткен облыстық, республикалық жарыстардың жеңімпазы атанғаны үшін, Ақтоғай ауданы әкімдігінің 200 000 теңге ақшалай сертификаты мектебіміздің оқушысы Ақылбекұлы Нұрдосқа табысталды. Жетекшісі



жағалауларын қалпына келтіруге, саябақтарды тазалауға атсалысатын болады.

Қазақ жүрегі – ауыл мектебі

Кез келген қоғамда өскелең ұрпақтың білім деңгейі мен сапасына қатысты мәселе күн тәртібінен түскен емес. Жас жеткіншектің қазір алған білімі ертең ел игілігі үшін кәдеге жарайтыны талассыз ақиқат. Білім – ұлттың келешегін қуаттайтын, дамытатын негізгі құрал. Білімнің шамшырағын жағып, нәрімен сусындатқан мектепті халық қашанда қадір тұтады. Тәуелсіз еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, білімді, өнерлі азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Қаймағы бұзылмаған ұлттық тәлім мен тәрбиенің қара шаңырағына айналған Қ.Нұржанов атындағы жалпы орта мектебі, Ә.Болғанбайұлы, Т.Ақышұлы атындағы негізгі білім беретін мектебінің педагогикалық ұжымы оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде тынбай еңбек етіп келеді.

Ауыл спорты

Бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, дені сау ұрпақ тәрбиелеу бұл бүгінгі күннің басты межесі. Өйткені дамыған отыз

Қайрат Қанаятұлы.

Ал мәдениет саласына келсек 2024 жылы округ тұрғындарына мемлекеттік мереке мен кәсіби күндері аталып өтеді. Сонымен бірге, кітапханада оқырмандар үшін тақырыптық кітап көрмелері мен мерекелік шаралар үнемі жүргізіліп келеді.

Әлеуметтік сала

Халықтың әлеуметтік жағдайы – қай кезде де бірінші кезекте тұруы тиіс. Бұл жайында Президент кеңінен айтып, әлеуметтік саланы көтеруге нақты тапсырмалар беріп келеді.

Әлеуметтік сала – халық тұрмысының индикаторы, мемлекет әлеуетінің көрсеткіші. Ел азаматтары тұрақты жұмыспен қамтылса, әр жоба бойынша нақты іс жүзеге асырылса, онда нәтиженің оң болғандығы.

Жыл басынан 40 адам жұмыссыз ретінде тіркеліп, 12 адам қоғамдық жұмысқа орналастырылды. 3 адам қайта даярлау курсы бойынша от жағушы оқуын оқуда. «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша биыл алғаш рет 2 бала маусым айында жұмысқа алынды. Ауылдық округте АСП алатын 1 отбасы бар.

А.Бейсенбаев,

Жидебай ауылдық округінің әкімі.

* Тарих тағылымы

Қажыма ер көңілім, бәрі де өтер.
Сан азап бір күнгідей болмай кетер.
Қара түн басып тұрса алды-артынды,
Жарқырап ататын таң әлі-ақ жетер.
Мағжан Жұмабаев.

Киелі жер Ұлытау өңірінде Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы 1727 жылы Бұланты шайқасына жасауға алғаш рет тойтарыс беріп, жеңіске жеткен батыр бабаларым Сеңкібай батыр мен Шой батырлардың қатысқанын біліп, ұрпақтарының атынан арнайы орнатылған ескерткіш тасты көріп батыр бабаларымыздың қайсар рухына тағзым ету мақсатында 2014 жылы ұйымдастырылған «Бұланты» кешеніне барған сапар жайында «Ақтоғай Ажары» газеттің №26 23.06.2022 жылғы санынында жазған едім.

Енді сол қазақ халқының тәуелсіздігін және елдігін сақтау жолында жау шебіне атой салып ерен ерлік жасаған батыр бабам Оразғұл тегі Шой батыр жөнінде жазуды жөн көрдім.

Қазақ тарихында аты қалған даңқты бабаларым Сеңкібай мен Шой батырлар Абылайдың қалың жасағының атақты батырларының бірі болған. Абылай хан олардың батырлығы мен тапқырлығына

Танастан-Тымырыскы, Сары (Садақты сары). Садақты Сарыдан-Қожас, одан Бекбас, Құлбас туады. Бекбастан Мойнақ, Бөркөз, Оразғұл. Оразғұлдың бірінші әйелінен – Сеңкібай, Ақкісі, Желтау, Найза, Қылыш, Ақжол тарайды. Екінші әйелінен Шой, Тайсары, Қойсары. Үшінші әйелінен – Сасықбай есімді балалар туады. Осы тоғыз ұлдың ең үлкені «Биата» аталып кеткен Сеңкібай баба. (Н.Төреқұлов. «Қазақтың жүз биі», «Қазақ әдебиеті» 1993ж.)

Машһұр Жүсіп бабамыздың орта жүздің шежіресін жазған кітабында да батыр бабаларымның шыққан тегі да таратылып жазылған.

Бабамыз Қожас батыр Әнет бабаның өте бір сыйласымды, адалдығы, әділеттілігі үшін жақсы көретін замандасы болған. Сол кездегі құба қалмақ шабуылы кезеңінде Қожас батыр елін қорғауда ел ерліктер көрсетеді. Қожастың ерлік ісіне ырза болған тобықты руының, ісі қазақ халқының қадірменді биі, ақылғой данасы Әнет баба өзінің кіші қызы Тохта сұлуды Қожас батырға қосады.

Ал, Қожастың осы Тохта сұлу атты әйелінен Құлбас, Бекбас атты балалар дүниеге келеді. Бекбас та жасынан өжет болып, ел қоғау ісіне араласады. Халық арасында жақсы қара атанған Қожас батыр ұрпағы Бекбастан: Мойнақ, Бөргөз, Оразғұл есімді балалар туған.

Шой батыр Қызыларай тауының солтүстік бетіндегі Бөріктас деген таудың түбін мекендеген. Ол жерді қазір Ақылбай, Кесікбай қорасы деп атайды. Бұрынғы кеңшар орталығынан шалғай болғандықтан бұл қораның орны тек жаз айларында ғана пайдаланылып келді. Себебі, ол арада қысы-жазы ағып жататын екі бұлақ бар, мал отарлары жазда осы қос бұлақты сағалайды.

Шойдың әкесі, қара шаңырақ иесі Оразғұл адамгершілігі мол, парасатты, әрі адал еңбекпен жинаған дәулет иесі болған. Оразғұлдың мейірбандығын қадірлеген қалың жұрт оны Ожаң деп атаған. Қарақалпақ елі де, оның ішінде Құлышбек батыр өзінің қарындасын Ожана кішілікке берген. Ожанның ең кеңже ұрпақтары осы күнге дейін қарақалпақтар деп аталады. Ожанның бірінші бәйбішесі – Шырынбике. Төркін жұрты дулат елі.

Шырынбикені ұзатқанда сіңілісі Сырымбике ере келген. Бұл жаугершілік заман – 1706 жылдардың шамасы. Ол кезде нағашы жұрты Жетісу жерінде Баянжүрек маңында болған. Шүршіттер қапылыста шабуыл жасап Дулат елі Шаш қаласына, Шыршақ бойына ығысады. Арғын елі Сыр бойына жылжиды. Екі елдің арасы алшақтай түседі. Шырынбике ақылды, кең, салиқалы бәйбіше болады. Тұңғышы Сеңкібай 1709 жылы дүниеге келген.

ШОЙ БАТЫР

сүйсініп, көріпкел-киелігіне риза болғандықтан шолғыншылар мындығын басқарушы етіп тағайындаған, өзінің жақын серігі, соғыс кеңесшісі деп таныған.

Сеңкібай бабамыз батыр және Биата деп екі бірдей қасиетті есімге ие болған тарихи тұлға. Бұхар жырау толғауларында, жоңғарлар шапқыншылығына қарсы жүргізілген ұрыстарда қазақтың әйгілі батырлары Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Тілеуке, Құлышбек, Наурызбай есімдерімен қатар Сеңкібай мен Шойбек аттары да қатар жүреді. Бұған дәлел Қытайдың Пекиндегі мемлекеттік архивінен табылған Бұхар жырау толғауында аталғаны. Профессор Н.Төреқұловтың «Қазақтың 100 биі» атты еңбегінде Сеңкібай би мен Шой батырға үлкен орын берілген. Уақытында Сеңкібай батыр мен Шой батырлар жөнінде «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан», «Алматы ақшамы», «Халық кеңесі», облыстық «Сарыарқа» газеттері мен бірнеше журналдарда көптеген деректер жарияланды.

Ұлы Отан соғысының ардагері, Екі мәрте Қазақ Республикасы Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасының иегері, Ұлытау, Ақтоғай аудандарының және Жезқазған қаласының құрметті азаматы Халық арасында зор беделге және үлкен сенімге ие болған Мәкенбаев Калкен Мәкенбайұлыны атамның 2003 жылы жарық көрген Сеңкібай батыр-Би ата атты кітабында 1740 жылы Абылайхан елшілігінің құрамында батыр бабаларамыздың Ресей патшалығымен келіссөз жүргізу үшін Орынбор қаласындағы елшілік кездесуіне қатынасса, 1760 жылы Абылайханның баласы Әділ бастаған елшілік құрамында Қытай елінің Пекин қаласындағы кездесуіне барғандығы жөнінінде жазған.

Мақалада айтылғандай Абылай хан олардың батырлығы мен тапқырлығына сүйсініп, көріпкел-киелігіне риза болғандықтан шолғыншылар мындығын басқарушы етіп тағайындаған, өзінің жақын серігі, соғыс кеңесшісі деп таныған. Жаугершілік заманда ағайынды адамдар бірге жүрген, бірге соғысқан сол себептен ба екеуі ағайынды адамдар болғандықтан Шой батыр үнемі ағасы Сеңкібай батырдың қасында болған және ағасы жанынан тастамаған. Осы себептерге байланысты Ресей патшалығымен келіссөз жүргізу үшін Орынбор және Қытай елінің Пекин қалаларына елшілік құрамында болған деп айтуға толық негіз бар.

Сеңкібай, Шой батырлардың шыққан тегі жөнінде Қазақ шежіресінде былай таратылады: Арғын-Болат қожадан (Қаракесек) – Ақша, Түйте ұрпақтары тарайды. Түйтеден-Майқы, Танас.

Оразғұл ел ішінде адамгершілігі мол, парасатты дәулет иесі болған. Оразғұлды халық қадірлеп Ожаң деп атаған. Қазіргі ұрпағы да Ожаң балалары делінеді.

Сәмеке 1719 жылы Орта жүзге хан сайланып, Оразғұл бұдан былайғы жерде дуалы ауызды Ожаң атаныпты. Алдында ордалы шешен Мойнақ ағасы, соңында жас қыран Бөркөз інісі бар Оразғұл ел ішінде ең дәулеттің иесі, парасатты тұлға болған. Бізге жеткен деректерге қарағанда Ожана 18 қос жылқы біткен. Әр қоста бір мың жылқы болған. «Атасы кім десең – қонысынан біл, өзін кім десең – өрісінен біл» дегендей. Ожаң «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» кейін Сарыарқаның белі, Арқаның алтын дінгегі Қарқаралының батыс, оңтүстік өлкесін қоныс еткен, солтүстігі Ханқашты, Шой, Әккісі биігін, батысы Наршөккен, Қызылтау, Талды өзені бойымен Кешубай, Қарағаш, Тас-Теміршіден сонау Шұбартау жеріндегі Көктас, Молаққа дейін Европаның бірнеше мемлекеті сиятындай жерді алып жатыр.

Біз енді осы Шой атам туралы сыр шертпекпін.

Ал, Шой батыр, әрі әулие аталған бабамыз Биата Сеңкібай батырдың туған інісі. Жоғарыда айтып кеттім. Сеңкібай бабамыздың жерленген жері, Шет ауданы, Талды өзеннің бойында, мазары мемлекеттің қорғауына алынған.

Еліміз тәуелсіздік алған алған жылдары Ақтоғай халқы (өзім куә болғам) Алаштың үш арысы Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков, Ақбайдың Жақыпыбына алғаш рет жан жаққа сауын айтып аудан орталығында 1992 жылдың тамыз айында үлкен ас беріліп құран оқытты, одан кейін Қараменде би, Шабанбай би, Жалаңтөс батыр, Жидебай батыр, Сана би, бабаларымызға аудан халқы, ұрпақтары арнайы ас беріп құран бағыштады. Осы жылдары көзі тірі өз әкем Манбаев Шаймурат, інілері Башаров Қизат, Шәкіров Сатыбалды, Аuezханов Құралхан, Әмірбеков Бекболат т.б. бабамыздың ұрпақтарын ұйымдастырып арнайы Шой батырдың үйін Шабанбай би бабамызға берілген аста тігіп Шабекең бабаға деген өз құрметтерін жасады.

Даңқты бабаларым Сеңкібай мен Шой батырлар жөнінінде деректерді осы жылдары «Орталық Қазақстан» және жергілікті сол кездегі «Арқа еңбеккері» газеттеріне ұрпақтары әкелерім Калкен Мәкенбаев, Шаймұрат Мәнбаев жазған болатын.

Мен Шой бабамыздың бәйбішесінен туған кеңжесі Сыбан атамнан тараймын. Ата-бабамның шежіресін, жастайымнан жаттап, өмірден өтіп кеткен үлкендерден естіген білгендерімді жазып жүргендіктен жатқа білемін.

Сырымбике де алғыр, жүзіктің көзінен өткендей бәденді, өте өткір қыз болған деседі. Апасы Шырынбике: «Жаугершілік заман ғой, бірімізден біріміз адасып қалмайық. Төңірдің жазғаны шығар», -деп сіңілісі Сырымбикені Оразғұлға қосады.

Осы Сырымбике анамыздан 1712 жылы Шой, одан кейін Қойсары, Тайсары дүниеге келген.

Сеңкібай – тоғыз, Шой – алты жасқа толғанда Қожас бабасы өз тәрбиесіне алдыртады. Жауынгер немересі Бөргөзге соғыс әдісін, Мойнақ биге шешендік сөз өнерін үйретуді тапсырады. Сөйтіп Сеңкібай мен Шой әкелерінің ағасы Мойнақбай мен батыр Бөргөзден көп тәрбие алып, үлкен тәжірибе мектебінен өтеді.

Шой ат құлағында ойнап, қылыш шабу, садақ тарту, найза лақтыру, жекпе-жекке шығу әдістерін мұқият меңгереді. Шой жас күнінен, әсіресе күреске түсу, жекпе-жекке шығу әдістерін үйренуге бой ұрады. Сонымен қоса кербез киінуді, жорға ат мініп ертұрманы сәнді болуын ұнатады. Жеңгелері кербез жігіт деп ат қояды.

Тарихта 1730 жылы зауза айында Қарқаралының күншығысында Қарағайлы маңайында айға жуық қалмақтар мен қырғын ұрыс болған. Осы ұрыста Баян, Малайсары, Олжабай баһадүрлерімен бірге жас қыран Шойда да ерекше ерліктерімен көзге түседі. Жеңіліс тапқан Ламадоржы ханның Жамбын бастаған қолы Аякөз бойына шегінеді. Қазақ қол Шет, Бақанасты, Алтынмемелді, Матай жерлерін жаудан босатады. Көктемнің (Балқаш) шығысында 1733 жылы бірнеше дүркін шешуші ұрыстар жүргізіледі. Осы маңдағы, яғни Жетісу жеріндегі қалмақ әскерлеріне Шамалхан басшылық жасайды. Алакөлдің (кейде Көкшөкөл деп жазылады) шығысында бір жетіге созылған қырғын ұрыс болады. Екі жақтан да шығын аз болған жоқ. Екі жақтың да әскері де сол тұрған жерінен қозғалмайды. Қалмақ әскерінің басшысы Шамалхан қазақ қолбасшысы Қабанбай батырға сегізінші күні: «Жекпе-жекке батырлар шықсын!» деп айғайлайды.

Қалмақ жағынан белгілі Қанғыр (Ханхор) батыр ортаға шығады. Қазақ қолынан: «Ханхорға қарсы кім шығады?» деген дауыс естіледі. Астына Кертөбел ат мінген кербез келген, ашандау, иықты, үстінде жеңіл сауыт, дулыға киген жас жігіт: «Аға, мен барамын!» деп Дарабоз батырдың (Қабанбайдың) алдына келіп тәжім етеді.

**Қайыржан Шәймұраттегі,
Қарашор Шой батырдың ұрпағы.**

(Жалғасы бар).

АҚТОҒАЙ АҒАРҰ

6

21 маусым 2024 жыл

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурс өткізу туралы

ХАБАРЛАМА

21 маусым 2023 жыл

2024 жылдың 12 тамыз сағат 15.00-де, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі мекенжайы бойынша орналасқан Ақтоғай ауданы әкімдігінің кіші акт залында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурс өтеді.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар беріледі:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстық ұсыныс.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімді тіркеу және қабылдау 2024 жылдың 22 шілдеден бастап 2024 жылдың 9 тамызына сағат 18.30-ге дейін, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі 10Г (2 қабат, «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ) мекенжайында орналасқан ММ-де жүзеге асырылады.

Конкурсқа қатысуға өтінім, өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанша, қағаз тасығышта қолма-қол не почта арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беріледі. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық

капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3)өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4)конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Конкурсқа Қазақстан Республикасының белгіленген тәртіпте тіркелген мемлекеттік емес заңды тұлғаларымен (шетелдік заңды тұлғалардан, сондай-ақ жарғылық капиталында шетелдіктердің, шетелдік заңды тұлғалардың, азаматтағы жоқ тұлғалардың үлесі елу пайыздан астамынкұрайтын заңды тұлғалардан басқа) Қазақстан Республикасының азаматтары ақпараттық хабармен орнатылған

№ п/п	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округ маңайы, жер учаскесінің лот №	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандауы	Жалпы ауданы, га жалға беру мерзімі, жылы		Алқаптардың құрамы, оның ішінде				Орташа балл бонитеті	Сумен қамтамасыз етілуі	Өзгеде
					Егіс-тік	Шабындық	Жайылымдық	Басқа алқаптар			
1	Айыртас ауылдық округі лот №1	Мал шаруашылығы	3001,0	12 жыл		600,0000	2392,5000	7,5000	13	Қамтамасыз етілмеген	
2	Қусақ ауылдық округі лот №3	Мал шаруашылығы	3500,0	12 жыл		800,0000	2257,0000	430,0000	15	Қамтамасыз етілмеген	
3	Айыртас ауылдық округі лот №6	Мал шаруашылығы	4400,0000	12 жыл		100,0000	4290,0000	10,0000	7	Қамтамасыз етілмеген	
4	Қарабұлақ ауылдық округі лот №8	Мал шаруашылығы	1303,0000	12 жыл			1301,8000	1,2000	13	Қамтамасыз етілмеген	
5	Қараменде би ауылдық округі лот №11	Мал шаруашылығы	251,0000	12 жыл			250,2000	0,8000	20	Қамтамасыз етілмеген	
6	Жидебай ауылдық округі лот №14	Мал шаруашылығы	50,6000	12 жыл			50,5000	0,1000	10	Қамтамасыз етілмеген	
7	Абай ауылдық округі лот №23	Мал шаруашылығы	2000,0000	12 жыл		100,0000	1897,6000	2,4000	8	Қамтамасыз етілмеген	
8	Жер қоры лот №26	Мал шаруашылығы	2200,0000	12 жыл			2195,8000	4,2000	5	Қамтамасыз етілмеген	
9	Жер қоры лот №27	Мал шаруашылығы	2000,0000	12 жыл			2000,0000	1,0000	5	Қамтамасыз етілмеген	
10	Жер қоры (а.ә.Ортадересін) лот №28	Мал шаруашылығы	2000,0000	12 жыл			1996,2000	3,8000	5	Қамтамасыз етілмеген	

мерзімінен кешіктірмей конкурсқа қатысуға өтінім рәсімделген жіберіледі.

Келесі жер учаскелері конкурсқа шығарылады, төменде көрсетілген кестеге сәйкес:

Конкурсты ұсыныста:

1.бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2.шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфра құрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3.Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қантардағы № 7 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №19893 болып тіркелген) бекітілген, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады,

конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс 2024 жылдың 12 тамыз сағат 15.00-ге дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Конкурс Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсанындағы № 518 бұйрығымен бекітілген «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қағидағы және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер Кодексінің 43, 43-1, 48 бабының талаптарына сәйкес өткізіледі.

Қосымша ақпаратты, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі 10 г (2 қабат, «Ақтоғай ауданының жер қатынастары , сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ) мекенжайында орналасқан, «Ақтоғай ауданының жер қатынастары , сәулет және қала құрылысы бөлімі» Мемлекеттік мекемесінен ала аласыздар. Байланыс телефондары: 8710-37-2-12-92; 2-13-83, электронды мекенжайы _aktogai_zher23@mail.ru.

ИЗВЕЩЕНИЕ

о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства в Актогайском районе Карагандинской области

21 июня 2023 года

12 августа 2024 года в 15-00 часов в здании акимата района, малый актовый зал село Актогай, улица Ә.Бокейхана, 4, расположенного по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, село Актогай, улица Ә.Бокейхана, 4 состоится конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Для участия в конкурсе подаются следующие документы:
1.Заявка на участие в конкурсе;
2.Конкурсное предложение;
Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе будут осуществляться с 22 июля 2024 года до 18:30 часов 9 августа 2024 года в ГУ «Отдел земельных (Жалғасы 7-бетте).

(Соңы.Басы 6-бетте).

отношений, архитектуры и градостроительства», расположенного по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, село Актогай, улица Ө.Бокейхана, 10Г.

Заявка на участие в конкурсе подается на бумажном носителе нарочно либо по почте или посредством веб-портала «электронного правительства» до окончания срока представления заявок.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

- 1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его местонахождение, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;
- 2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе,

удостоверяющем личность заявителя;

- 3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;
- 4) конкурсное предложение;
- 5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

К конкурсу допускаются граждане Республики Казахстан и негосударственные юридические лица, зарегистрированные в установленном порядке, кроме иностранных юридических лиц, а также юридических лиц, в уставном капитале которых доля иностранцев, лиц без гражданства, иностранных юридических лиц составляет более чем пятьдесят процентов) оформившие заявку на участие в конкурсе в срок, не позднее установленного извещением

На конкурс выставляются следующие земельные участки, указанные в нижеприведенной таблице:

№ п/п	Направление от ближайшего населенного пункта земельных участков, № лот)	Сельскохозяйствен-ная специализация региона	Общая площадь Срок аренды лет		Сельхоз угодии в.т.ч				средний балл бонитета	Водообеспече нность	Другие
					Паш-ня	Сено-косы	Пастбища	Другие угодии			
1	Айыртас сельский округі лот №1	Для животноводства	3001,0	12 год		600,0000	2392,5000	7,5000	13	Необеспечен	
2	Кусакский сельский округі лот №3	Для животноводства	3500,0	12 год		800,0000	2257,0000	430,0000	15	Необеспечен	
3	Айыртас сельский округі лот №6	Для животноводства	4400,0000	12 год		100,0000	4290,0000	10,0000	7	Необеспечен	
4	Карабулакский сельский округ лот №8	Для животноводства	1303,0000	12 год			1301,8000	1,2000	13	Необеспечен	
5	Караменде би сельский округі лот №11	Для животноводства	251,0000	12 год			250,2000	0,8000	20	Необеспечен	
6	Жидебайский сельский округі лот №14	Для животноводства	50,6000	12 год			50,5000	0,1000	10	Необеспечен	
7	Абайский сельский округі лот №23	Для животноводства	2000,0000	12 год		100,0000	1897,6000	2,4000	8	Необеспечен	
8	Земли запас лот №26	Для животноводства	2200,0000	12 год			2195,8000	4,2000	5	Необеспечен	
9	Земли запас лот №27	Для животноводства	2000,0000	12 год			2000,0000	1,0000	5	Необеспечен	
10	Земли запас (с.о. Ортадересин) лот №28	Для животноводства	2000,0000	12 год			1996,2000	3,8000	5	Необеспечен	

Конкурсное предложение должно содержать:

- 1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);
- 2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;
- 3 обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологии, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-

портала "электронного правительства".

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: **15-00 часов 12 августа 2024 года** (указывается точная дата).

Конкурс проводится в соответствии с требованиями норм ст.ст.43, 43-1,48 Земельного Кодекса РК от 20 июня 2003 года № 442 и «Правилами организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» утвержденного Приказом Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан- Министра сельского хозяйства Республики Казахстан № 518 от 20 декабря 2018 года.

Дополнительную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства» Актогайского района»расположенного по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, село Актогай, улица Ө.Бокейхана, 10Г (2-й этаж, кабинет 1). Контактные телефоны: 8(71037) 2-12-92; 2-13-83: электронный адрес: aktogai_zher23@mail.ru.

Еске алу

Шіркін, керуен күндер келмеске кетіп, жұлдызды түндердің өтіп жатқанына қаншама уақыт десенші... Тай құлындай тебісіп, балалықтың балдәурен бақытты күндерін бірге өткізген ұл мен қыз едік. Міне, сол бойжеткен мен бозбала бүгінде бірі ата, бірі әже атанып, бір шаңырақтың отағасы мен отанасы болып отырған бақытты жандар.

Биылғы жылы М.Горький (қазіргі Ө.Бөкейхан атындағы) қазақ орта мектебін бітіргенімізге 45 жыл толған, 1979 жылдың түлектеріміз. Амал не осы 45 жыл ішінде қаншама сыныптастарымыз бақилық болды. Олар: **Ахметов Кәрім, Әзімбаев Балтабай, Башаев Матай, Ботқабаев Өмірзақ, Кішкентаев**

Қанат, Мажетаев Жұмакелді, Мұздыбаев Игілік, Сыздықов Асқат, Шойынбаев Самат атты сыныптастарымыз тал бесіктен, жер бесікке аттанып ортамыз ортайып қалды. Бүгінгі күні осы достарымызды сағынып еске аламыз. Алланың ісіне не шара жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқалы болсын, артында қалған ұрпақтарына Алла ұзақ өмір, қажымас қайрат нәсіп етсе екен. Достар, біз сендерді ешқашан ұмытпаймыз. Мәңгі жадымыздасындар!

Емес бұл сендерді жоқтау өлеңі,
Бұл сендерге сағыныш әлемі.
Себебі, аяулы бейнелерін асыл достар,
Біздің жүрегімізде өмір сүре береді...

Марқұмдарды еске алушылар: 10"а" сыныбының 1979 жылғы түлектері.

29 қаңтар 2024 жылы Жаркимбаев Серик Байгожиновичтің қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ө.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен жайына хабарласуына болады. Тел. 8-705-832-83-06

Ақтоғай аудандық «Ақтоғай ажары» газеті редакцияның ұжымы ардагер Тәжібаева Дәнияға апасы Тәжібайқызы Мағира, келіні Асанқызы Жазираның мезгілсіз қайтыс болуларына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алаштың ақтаңгер ақыны

Аудандық орталық-тандырылған кітапхана оқу залы бөлімінің ұйымдастыруымен белгілі ақын, жерлесіміз Абзал Бөкеннің туғанына 75 жыл толуына орай «Алаштың ақтаңгер ақын – Абзал» атты тақырыпты аудандық байқау өтті.

Иә, қай кезде де, қандай қоғамда да қазақтың қасиетті қара өлеңі мен сырлы сазы өміршендігін дәлелдеп келеді. Тылсым құпиясын ішіне бүккен

қара өлеңнің дүниеге келуі де оңай емес. Осы ретте ақынды табиғат-тағдыр бойына ерекше қасиет дарытқан ғажап құбылыс десек қателеспейміз. Ақтоғай өңірі өнер саңлақтарына кенде емес. Арқадан ұшып, қазір елімізге танымал өнер қайраткерлерінің есімдерін тізбелеп жату артық болар. Сол айтулы топтың қатарында елімізге белгілі ақын, Абзал Бөкеннің шоктығы биік. Абзал Бөкен – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, «Ақтоғай ауданының құрметті азаматы», «Құрмет» орденінің иегері.

Байқаудың мақсаты ақынның шығармашылығын насихаттау. Жас оқырмандарды лирикалық жанрына деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын



шындау. Сондай-ақ, қатысушылардың шығармашылық шеберлігін арттыру, сахналық өнерге баулу. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп нығайтуға үлес қосқан өнер бәйгесі үш номинациядан тұрды. «Алаштың ақтаңгер Абзал ақын» атты бірінші номинация бойынша жас дарындардың дауылпаз ақынға арнаған арнаулары оқылды. «Тұла бойым көне сөз, көне мүсін» номинациясында қатысушылар ақынның шығармашылығы бойынша мәнерлеп оқудан сайысты. Үшінші номинация - ақынның өмірі және шығармасы бойынша қызықты видеоролик жасау. Қатысқан оқырмандар сый-сыйпаптар және алғыс хаттармен марапатталды.

Ауданның орталықтандырылған кітапханасы.

Төркіндеп қыз келеді ауылына

Қайыңсіңлім Айжан Имантаеваға арналады

Төркіндеп қыз келеді ауылына,
Асығып туған-туыс, бауырына,
Алып-ұшып жүрегі дүрсілдейді,
Сағынышпен ел-жұрты, қауымына.
Төркіндеп қыз келеді туған жерге,
Табанының ізі қалған тау мен белге,
Тоқырауын оны да сағынғандай,
Дегендей, теңеуші едің шалқар көлге.
Төркіндеп қыз келеді өз үйіне,
Ата-ананың орынын бір көруге,
Көзіне хан сарайдай елестейді,
Қаңырап тұрса-дағы қандай күйде.
«Келдің бе, құлыншағым» дегендей ме,
Өздігінен жан сезім елеңдей ме,
«Кел, суытпай дәмінді іше ғой», – деп,
Анасы ас ұсынып бергендей ме.
Аһ, шіркін, қайран жастық бал татыған,
Сен үшін алаңдайтын ата-анан,
Көкірек толы сарғайған сағынышты,
Қойнауына тау-тоғай мен қалдырам.
Деп жылады қыз-жүрек көп егіле,
Сонан соң шүкір етті көргеніне,
Аға-бауыр, жеңгелер қуанып жүр,
Алыстан қыз төркіндеп келгеніне.
Бұл да менің өз үйім, шаңырағым,
Ағаммен бірге өстім, көп ойнадым,
Қазір қалай әкесіз жүр екен деп,
Бауырларым, сендерді көп ойладым.
Деп құшақтап, көңілін, мауқын басты,
Туыскандар хал сұрасып, қауқылдасты,
Алыстағы қыз деген қиын екен,
Жіпсіп түкпір сезімі гүлін ашты.
Деген халқым «Оңалар орнында бар»,

Үлкендер кеткенімен ұрпағы бар,
Жылу беріп қарайтын туыстық сезім,
Қазақтай Ұлы халық қанында бар.
Қыз төркіндеп келген соң тойлады елі,
Жиналды жақсылыққа әнші-сері,
Өткен өмір, бар қызық оқиғаны,
Әңгімелеп отырды көргендері.
Қонақ болды бір үйден соң біріне,
Кіріп шықты үлгермей кейбіріне,
Жарты ғасыр көрмеген кей ағайын,
Айта берді қыз жайында әңгіме.
Қаздай қалқып, үйректей жүзіген ем,
Қуат берген жаныма, жүзіме рен,
Қайран менің өз жұртым еркелеткен,
Амандығың тілеймін күніге мен.
Асқақтығым Ақсоран айдарындай,
Кейде толқып, тебіренем Тоқырауындай,
Шат-шадыман күйге еңсем, Шатыршамын,
Қонағына кең құшақ жайған ұдай.
Сары белім, ну орман, суым, желім,
Сенің нәрін бойыма сіңіргенім,
Сенің арқан толтырып сырсандықты,
Дәл осындай ақынжанды боп жүргенім.
Деп есін тез жинады егілгенмен,
«Көріскенше» деді де еліменен,
Туған жер, ыстық құшақ, қимас сезім,
Суретін ала кетті өзіменен.
Тұла бойы марқайып, жеңілдеді,
«Қош, аман бол, ақжарқын елім» – деді,
«Әрқашан бірге соғар өздеріңмен,
Жұдырықтай жүрегім менің» – деді.

Қ.Кенжебекова,
Ақтоғай ауылы

Құттықтаймыз!



Құрметті құдағиымыз
Аумағанова Нұрғай!

Сізді зейнеткерлік жасқа келген мерейжасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Осы бір ерекше жастың думаны мен қызығы сізді бақыт пен шаттыққа бөлеп, әрбір күн жанға шуақ сыйлар қуаныш әкелсін. Денсаулығыңыз мықты, өмір жасыңыз ұзақ болсын. Немеңгерлеріңіздің қызығына кенеліп, ортасында ардақты әже болып жүре беріңіз. Қоңіліңіз мәңгі көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыстың ортасында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған асуларыңызды ала беріңіз. Той думан болсын өмірің сарқылмайтын, Бақыт қонсын ешқашан таусылмайтын. Тілейміз сізге саулық ұзақ ғұмыр, Орындалсын арман-ой тілегіңіз.

Тілек білдірушілер: құда-құдағиыңыз –
Түсіпбай-Айтжан, балалары – Қанағат-Назира,
Бақтыбек-Эльмира, Еркебұлан-Маржан және
немеңгерлері.



Құрметті Куземханов Сағыдат Кәукербекұлы,
Абеуов Алтай Бөлекбайұлы!

Сіздерді асқар таудай 50 жасқа келген айтулы қуаныштарыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Елу жас-адамның кемеліне келіп, алдыңғы толқын ағаларының ізін басып, кейінгі толқын иілері құрмет көрсетіп, ілтипат танытатын, ұл-қыз өсіріп, құда-жекжатты болып, немере сүйіп, өрісі кеңейіп, өркені өскен беделді кезең. Мерейлі жасқа келген достарымызға дендеріне саулық, отбастарына амандық, еңбекте тың табыстар мен өмірдің асқақ абыройын тілейміз. Қосақтарымен қоса ағарып, бала-шаға, немерелер қызығына тоймай, ағайын-туыс, құда-жекжат, әріптестер құрметіне бөлене беріңіздер деген тілегімізді жолдаймыз.

Күндеріңіз көп болсын бақыт тұнған,
Тойларыңыз құралсын өлең-жырдан
Баянды өмір жетелеп биіктерге,
Қоңілдеріңіз шаттансын қуаныштан!

Ізгі тілекпен: отбасылық достарың –
Сайран-Бота, Ермек-Меруерт, Абзал-Жазира,
Қанат-Нұрила, Мамыр-Гүлмира, Зәмзәгул, Надира,
Жандос-Анар

Сенім телефоны

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8(71037) 2-16-34 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА**

Редактор: **Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: **“Ақтоғай ажары” газеті**

редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: **№KZ94VPY00019192.** (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: **Думан Қабыл**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 850 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта **aktogai_red@mail.ru**

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.